


«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің М Әуезов атындағы № 5 орта мектебі» ММ
Қамқоршылық кеңес отырысының №5 хаттамасы

10.12.2019ж



Қатысқандар:

- Оразалина В-төрайым
Жұмабай Қ.Ж - Кеңес орынбасары
Таубаева Р.А - Кеңес хатшысы
Жакибаева Ж.И- Кеңес мүшелері
Бейсенов А.Б
Касымова Б
Бровчук С.Я
Шахатова Н.Г
Уварова Н.А

Күн тәртібінде :

1. Жаңа жылдық шыршаға аз қамтылған, көп балалы, жетім балаларды қатыстыру және демеушілер тарту-Мектеп басшысы Сейдалина У.Б
2. Ағымдағы мәселелер: оқушылардың арасында салауатты өмір салты және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізу

Күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалды

1. Мектеп басшысы Сейдалина У.Б. Жаңа жылдық шыршаға аз қамтылған, көп балалы, жетім балаларды қатыстыру және кейбір көп балалы отбасындағы балаларды қатыстыруға демеушілер тарту бойынша мектеп басшысы кеңес мүшелеріне ақпарат берді. Мектеп басшысының берген мәліметі бойынша биылғы жылы қалалық білім бөлімінің беретін сантына орай көп балалы әрі тұл жетім, аз қамтылған отбасы балаларын берілген есеп негізінде ғана жасыл шыршаға қатыстыра алатындығын естеріне салды. Ал оның сыртында қаншама көп балалы отбасындағы балалар тегін жасыл шыршаға қатысқысы келеітіндіктерін айтып ескертті.

2. Оқушылардың арасында салауатты өмір салты қалыптастыру және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарын жүргізу ата-аналармен түсіндіру жиналыстарын өткізу және ата-аналар жиналыстарында сөз алу бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Оразалина В.А кеңес мүшелеріне ескертті. Төрайым айтуы бойынша әр ата-ана өз баласының салауатты болып өсуі мен құқық бұзушылықтың алдын-алып дұрыс тәрбие беруі міндетті екенін айтты.

2. Күн тәртібіндегі мәселе талданды.

1. Касымова Б-кеңес мүшесі. Көп балалы отбасына мекмлекет болып көңіл бөліп жатыр, сондықтан балалық шақтан естелік қалатындай әлеуметтік көмекке зәру отбасындағы балаларға жақсы көңіл күй сыйлау бізге міндет. Ал ата-аналардың балаларына құқық бұзушылықтарының алдын-алу, бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлу міндеттері екендерін ескертті.

2. Шахатова Н.Г-кеңес мүшесі. Бала өмірі, денсаулығы әр ата-ананың бақыты деп санып балалардың салауаттылығын қалыптастыру ең алдыңғы мәселе, тек ұстаздар мен оқушыға міндет мәселе еместігі оған ата-аналар да атсалысу керектігін айтты.

ШЕШІМ:

1. Жаңа жылдық жасыл шыршаға жағдайсыз, көп балалы және жетім балаларды тарту, ұйымдастыру кеңес төрайымы мен мектептің әлеуметтік педагогына міндеттелсін.
2. Оқушылар арасында салауаттылықты ұстану әрі құқықтық тәртіпті нығайту шараларын жалғастыру, мектептің тәрбие ісінің орынбасары Қ.Алимгазинаға жүктелсін
- 2.1 Балаларының салауатты өмір салтын ұстану мен құқық бұзушылықтарын алдын алу тәрбиесіне көңіл бөлу әр ата-аналардан сұралсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:
Кеңес орынбасары
Кеңес хатшысы
Кеңес мүшелері:

Оразалина В
Жұмабай Қ.Ж
Бровчук С.Я.
Жакибаева Ж.И
Бейсенов А.Б
Касымова Б

Таубаева Р.А
Шахатова Н.Г
Уварова Н.А